

Ашық сабақ

*«Алжапқыштың
төменгі бөлігіне
қалталарды тігу»*



Сабақтың мақсаты:

- ❖ Оқушыларға әр түрлі қалталардың сән үлгісінен, ерекшеліктерінен, қолданылуынан мағлұмат беру, жапсырма қалтаны өңдеу тәсілдерімен таныстыру;
- ❖ Кәсіптік бағдарға қызығушылығын арттыру, қол, тігін машинасымен қалтаны бұйымға қондыруды үйрету, ойлау, талдай және түсіндіре білу қабілетін дамыту;
- ❖ Ұқыптылыққа, эстетикалық талғаммен киім киюге, жолдастық өзара көмекке тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта

Сабаққа қажетті құралдар: мата, бор, ине, жіп, ағылшын түйреуіші

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың әдісі: жаңа сабақты түсіндіру, сарамандық жұмыс

Пәнаралық байланыс: математика, бейнелеу.



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі


- Оқушылармен сәлемдесу
- Оқушыларды сабаққа даярлау, түгендеу
- Үй тапсырмасын сұрау

II. Негізгі бөлім

- Сөзжұмбақ шешу
- Жаңа тақырыпты түсіндіру
- Сергіту сәті
- Сарамандық жұмыс

III. Қорытынды бөлім

- Жаңа сабақты пысықтау
- Оқушыларды бағалау
- Үй тапсырмасын беру
- Оқушылармен қоштасу





Үй тапсырмасын сұрау

1. Тiгiн машинасы нешеге бөлiнедi?
2. Тiгiн машинасының реттеуiштерi нешеге бөлiнедi?
3. Помология ненi зерттейдi?
4. Киiмге қандай талаптар қойылады?
5. Модельдеу деген не?
6. Алжапқыш дегенiмiз не?
7. Алжапқыш киiмнiң қай түрiне жатады ?
8. Жұмыс iстеуге ең ыңғайлы тiгiн машинасы қандай?
9. Алжапқышты қандай маталардан тiгемiз ?
10. Алжапқыштың қандай түрлерi болады ?



СӨЗЖҰМБАҚ СҰРАҚТАРЫ

1.Тігін құралы.

2. Қол тігісінің түрі.


3. Алжапқыш бөлігі.

4. Уақытша біріктіріп тұратын тігіс.

5. Машина тігісінің түрі.

				Қ				
				А				
				Л				
				Т				
				А				

О	Й	М	А	Қ					
			Қ	А	Й	Ы	П		
		Б	Е	Л	Д	І	К		
К	Ө	К	Т	Е	У				
		Б	А	С	Т	Ы	Р	А	

The background features a dense pattern of small, colorful autumn leaves in shades of orange, red, and yellow. In the top-left corner, a silver pen nib is visible, pointing towards the center. Larger, more detailed autumn leaves are scattered around the edges of the page.

Қалта - киімнің құрамдас бөліктерінің бірі. Барлық қалталар екі топқа бөлінеді жарма қалталар және жапсырма қалталар. Орналасуына байланысты қалталар ішкі қалталар (киімнің астарына), және сыртқы болып бөлінеді. Киімнің қай жерінде орналасқанына байланысты: жапсырма қалта, төс қалта, омырау және жан қалта болып ажыратылады. Қалталардың жоғарғы қиығының орналасуына байланысты көлденең, қиғаш немесе тік қалталар болып бөлінеді. Рамкалы, қақпақты, ілгекті замокты қалталар болады. Спорттық үлгідегі киімге көп жағдайда қалтаға сыдырма салынады. Қалтаны даярлағанда оның формасы мен тігілген матаның ерекшелігін технологиялық өңдеу тәсілдерін ескеру керек.




Жапсырма қалталар

Матаның түріне қарай жапсырма қалтаны жалаң қабатты немесе қос қабатты етіп жасайды. Жапсырма қалтаны көп жағдайда өңірлегі қалта келетін тігістің бойына немесе қалта аузын сырыл, өңірдің астына әсемден, сәнде тігеді, қалтаға сәндік матадан жасалған жиек, шілтер, түрлі таспа баулар пайдаланылады. Қалтаның размерін киімнің сән үлгісіне сәйкестендіріп жасайды.

Осы мақсатпен таңдап алған размер мен формаға сәйкес қалтаның үлгісін қағаздан пішіп алу керек. Өлшеген кезде үлгіні түйреуішпен киімге түйреп қойып, қалталық орны размерін белгілейді. Шетінен тігіс түскен жапсырма қалта : егер **киім мақта** матадан тігілсе, дайындау үшін жоғары жағынан 3,5—4 см қалдырылған жерді қалта аузына таяу сызықтан сыртқа қарай бүгін, қиылған шетін ішке 0,7—1 см шамасында бүккен соң көктеп, сол жерге жақындатып машинамен жүргізу керек. Тігістің еніне жіберілген 0,7 — 1 см-ді қалтаның **теріс** жағына айналдырыл. көктеп, үтіктейді . Дайын болған қалтаны киімнің негізгі деталіне белгіленген сызықтар бойынша салып, көктеп ең шетінен машинамен жүргізу қажет.

Шетінен біршама қашықтықта салынған әр түрлі сәндік үшін тігіс түскен жапсырма қалта. Мақта-матадан тігілген үлкен қалталарды әдетте шетінен әдіптеп тігеді, кішкентай, сондай-ақ **жүн, жібек** немесе синтетикалық маталардан жасалатын қалталарды қос қабаттап жасаған жөн. Ішкі шеті ирек тігіспен көктелген шеттік, әдібін оң жағы мен қалтаның оң жағына, әдіптің көлденең қиығымен қалтаның жоғарғы қиығы сәйкес келетіндей етіп салып, қиылған жерлерді көктеп, ені 0,7 см тігіс жүргізеді. Содан кейін қалтаның жоғарғы шетін үтіктеп, дәл бүктелер жерден тігіс түсіру керек . Әдіп пен қалтаның қалта аузының белгіленген сызығы бойынша оң жағын ішіне қаратып бүгіп, екі детальдың да шеттерін тегістеп, әдібі жағынан көктеп алады. Осылайша дайын болған қалтаны негізгі детальдағы белгіленген орнына тігіп салады . Тік төрт бұрышты жапсырма қалтаны тігіс түсетін артық жер қалдыра отырып пішеді .







Сергіту сәті

Шаршасандар балалар,
Қолдарыңды созындар.
Саусақтармен ойнандар,
Қолдарыңды сермендер.
Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.



1. Қалта бөлшегіне қосымша өлшемдерін белгілейміз.



2. Жоғарғы қиығынан төмен 3 см, бүйір және төменгі қиықтарынан 1 см сызу.



3. Жоғарыдан 1 см ішкі жағына бүктеп, одан кейін 2 см оң жағына бүктеп үтіктейміз.



4. Қалтаның жоғарғы жағынан, бүйір қиығынан 1 см сырып тігу.



5. Қалтаның жоғарғы жағын ішкі жағына айналдырып, көктеп, жөрмеп тігу.



6. Қалтаның төменгі және бүйір қиықтарын 1 см іш жағына қайырып үтіктеу, көктеу.



7. Қалтаны алжапқышқа орналастырып көктеу



Сарамандық жұмыс:

1. Қалта бөлшегіне қосымша өлшемдерін белгілейміз.
2. Жоғарғы қиығынан төмен 3 см, бүйір және төменгі қиықтарынан 1 см сызу.
3. Жоғарыдан 1 см ішкі жағына бүктеп, одан кейін 2 см оң жағына бүктеп үтіктейміз.
4. Қалтаның жоғарғы жағынан, бүйір қиығынан 1 см сырып тігу.
5. Қалтаның жоғарғы жағын ішкі жағына айналдырып, көктеп, жөрмеп тігу.
6. Қалтаның төменгі және бүйір қиықтарын 1 см іш жағына қайырып үтіктеу, көктеу.
7. Қалтаны алжапқышқа орналастырып көктеу.



Жұмыс киімі




Іскерлік киімі



Спорттық киімі



Мерекелік киімі





Жаңа сабақты пысықтау

- 1.Қалта дегеніміз не?
- 2.Қалта неше түрге бөлінеді?
- 3.Қалтаны матадан немен ойып аламыз?
- 4.Сыртқы қалтаның бір түрі.
- 5.Қалта киімнің қай жерінде орналасуы мүмкін?



Үйге тапсырма

*Қалтаның түрлері туралы
мағлұмат жинап келу*



Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

